

АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Өткізілетін күні: 28.08.2023

Мектепке дейінгі ұйымның атауы: «Ерсұлтан» жеке
«Балбөбек» бөбекжай

Өткізілетін орны: музыкалық, акт залы.

Жиналысқа қатысушылар саны: ата-аналар 75 адам.

Шақырылғандар: Бөбекжай мамандары

Жиналыстың тақырыбы: «Жаңа оқу жылына арналған ақпараттық шолу парағы» мектепке дейінгі ұйымның презентациясы.

Өткізу формасы: конференция.

КҮН ТӘРТІБІ

1. МДҰ 2023-2024 оқу жылындағы жұмыс қорытындысы.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту моделін іске асыру шеңберінде МДҰ мен отбасының өзара іс-қимылы.
3. Денсаулық сақтау жұмыстарын ұйымдастыру.
4. Балалардың тамақтануын ұйымдастыру.
5. «Әртүрлі». Ата-аналар комитетін сайлау.

БАРЫСЫ

1.

Жалпы ата-аналар жиналысының басында МДҰ меңгерушісі құттықтау сөзін *Исмагулова Сандигул Машидуллиновна* сөйледі.

Ол ата-аналарға жиналысқа қатысқандары үшін алғысын білдірді, оқу жылының басталуымен құттықтады, өскелең ұрпақты тәрбиелеу ісінде зор денсаулық, бірлескен табысты қызмет тіледі.

Ол «2023-2024 оқу жылындағы МДҰ жұмысының қорытындысы» тақырыбында жария баяндама ұсынды.

Мектепке дейінгі ұйымның басшысы «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі, Қазақстан Республикасының 2023-2029 жылдарға арналған мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту тұжырымдамасы, «Педагог мәртебесі туралы» Заңдары, «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» және т.б. сияқты мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру, реттеу, бақылау мәселелерінің заңнамалық аспектілерін таныстырып өтті.

Меңгеруші өткен оқу жылында қойылған мақсаттар және міндеттермен таныстырды, бірыңғай білім беру кеңістігін қамтамасыз

етуге, материалдық базаны жетілдіруге, педагог мамандығының мәртебесін арттыруға, әлеуметтік орта және отбасымен өзара әрекеттесуге; білім беру саласындағы мемлекеттік саясатқа сәйкес білім беру процесінің сапасын арттыруға назар аударылды.

Баяндамашы оқу жылында білім беру қызметтерін көрсету сапасы сапалы педагогикалық құрамға тікелей байланысты екенін атап өтті; ол педагогикалық ұжымның біліктілікті арттыру ісіндегі жетістіктері, озық педагогикалық тәжірибені жариялау, әріптестерінің кәсіби жетістіктері, оқу жылында кәсіби (және мемлекеттік аттестаттаудан, егер өткізілсе) өтудегі жетістіктері туралы айтып берді.

Тәрбиеленушілердің дамуы мен денсаулық жағдайының динамикасы көрсетілді, соның арқасында жыл соңына қарай аурушандықтың пайызы төмендегені, арнайы емдеу-профилактикалық және дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру, балаларды шынықтыру, бейімдеу нәтижелері оңды динамикаға ие болғаны объективті түрде айқын болды.

Баяндамада МДҰ-ғы тәрбиеленушілердің оқу жылындағы жетістіктерінің мониторинг жүйесін ұйымдастыру және іске асыру мәселесіне ерекше назар аударылды. Мониторинг педагогтің әртүрлі жас топтарының үлгілік бағдарламасымен анықталған күтілетін нәтижелерге қол жеткізу деңгейлерін және баламен жеке жұмыс жүргізуде педагогтің алдағы қызметін анықтауға мүмкіндік беретіні айтылды.

Айқындық үшін бастапқы, аралық және қорытынды мониторингтің барлық жас топтары бойынша көрсеткіштердің нәтижелері келтірілді. Сонымен қатар, ата-аналар 2023 - 2024 оқу жылының қорытындысы бойынша салыстырмалы мониторинг нәтижелері бар жалпы кесте негізінде Үлгілік бағдарламаны игеру сапасы бойынша көрсеткіштердің өсуінің оң динамикасымен таныса алды.

Топтың атауы	Барлық бала	Оқыту тілі	Қатысуды қамту (%)	Дағдылар деңгейі жоғары	Дағдылар деңгейі орташа	Дағдылар деңгейі төмен	Көрсеткіштердің жалпы өсімі
				%	%	%	%
«Қызғалдақ» ерте жас тобы	10	Қазақ тілі	100%	6	3	1	100
«Ботақан» кіші жас тобы	19	Қазақ тілі	100%	12	5	2	100
«Қызғалдақ» орта жас тобы	10	Қазақ тілі	100%	6	3	1	100

« Балдәурен» ересек жас тобы	16	Қазақ тілі	100%	11	4	2	100
« Болашақ» мектепалды топ	16	Қазақ тілі	100%	12	3	1	

2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша Үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру бойынша тәрбиеленушілердің жетістіктерінің нәтижелерін салыстырмалы талдау деректері жыл бойы балаларды дамытудың барлық салалары бойынша педагогикалық ұжымның балаларды тәрбиелеу және оқыту, үйлесімді дамыту жөніндегі қызметі қойылған міндеттерге сәйкес объективті түрде құрылғанын көрсетті.

Баяндамашы тақырыптық серуендерді, ертеңгіліктерді, мерекелерді, бос уақытты ұйымдастыру, ұлттық тәрбиені іс жүзіне асыру, мемлекеттік тілді меңгеру үшін ата-аналарды күнделікті өзара байланысқа қосуға мысал келтірді; ата-аналармен бірге балалардың ойын, танымдық, эксперименттік іс-әрекеттері ұйымдастырылды, оның ішінде балалардың тыныс-тіршілігінің қауіпсіздігі бойынша жаднамалар, нұсқаулықтар, парақшалар шығарылды.

Қамқоршылық кеңестің, ата-аналарға арналған консультациялық пункттің, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жүйесінің қызметі туралы айтылды.

ШЕШІМ

2023-2024 оқу жылындағы «Балбөбек» бөбекжайының тәрбиеленушілерінің оң жетістіктері негізінде, тәрбие мен оқыту жөніндегі қызметті, жоспарға сәйкес барлық педагогтердің аттестаттаудан сәтті өтуі, сондай-ақ ұжымның ата-аналармен белсенді және жемісті өзара байланысы негізінде қанағаттанарлық деп саналсын.

2. Әдіскер мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту моделін іске асыру шеңберінде МДҰ мен отбасының өзара әрекеттесуі туралы мәселе көтерді.

Ол мектепке дейінгі білім беру жүйесінің барлық мамандары, сондай-ақ ата-аналар зерделеуі үшін міндетті құжат Қазақстан Республикасы Үкіметінің №137-қаулысымен 15.03.2021 жылы шығарылғанын атап өтті. Педагог барлық мектепке дейінгі ұйымдар меншік түріне қарамастан осы модельді ұстанатынына назар аудартты, алдыға қойылған мақсаттар мен міндеттерді таныстырды. Елімізде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамытудың бағыты мен қағидаттарын айқындау дені сау, дербес, білуге құмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлайтын балаларды қалыптастыруға

бағытталған тәрбие мен оқыту жүйелерін трансформациялауға мүмкіндік беретіні ерекше атап өтілді. Баяндамашының хабарламасында модельді іске асырудың үш аспектісіне назар аударылды, бұл қолжетімді болуы, мазмұны, сапасы. Электрондық үкімет порталындағы онлайн-сервисте мектеп жасына дейінгі баланы тіркеу жүйесінің қарапайымдылығы мен қолжетімділігі, объективті себептер бойынша автоматты түрде қабылдау, келесі жас тобына өту, басқа мектепке дейінгі ұйымға ауысу, мектептен бастауыш білім беру деректер жүйесіне шығу және тіркелу мүмкіндігі туралы айтылды. Осылайша, еліміздің Үкіметі Қазақстан Республикасының әр азаматының бірыңғай білім беру жүйесінде тиісті білім алуының ашықтығын, қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

Мектепке дейінгі ұйымда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің заңнамалық актілерімен бекітілген тәртіпке, ережелерге сәйкес «Мазмұн» блогы бойынша өзін-өзі бағалау жүйесі, тәуелсіз сараптама жүйесі, мониторинг жүйесі көзделетіні және жүргізілетіні атап өтілді.

ШЕШІМ

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту моделін іске асыру жөніндегі «Балбөбек» бөбекжай және ата-аналардың қызметі қанағаттанарлық, жүйелі, қызметке қабілетті және тиісті заңнамалық актілермен реттелетін болып саналсын.

3. Денсаулық сақтау бойынша жұмысты ұйымдастыру мәселесі бойынша меңгеруші Исмагулова мен мейірбике Ұзақбаева сөз сөйледі.

Меңгеруші Исмагулова С.М бұл мәселе жыл сайын енгізіліп, жарияланып отыратынын, «Мектепке дейінгі ұйымның сауықтыру жұмысының жүйесі мен мазмұны» бөлімімен жылдық жоспарда жоспарланып отырғанын айтты. Біздің жағдайда мектеп жасына дейінгі баланың өмірі мен денсаулығын қорғау мәселесінде қазіргі заманғы жаһандық сын-қатерлер ұжымдардың алдына баланың жеке тұлғасының өсуі мен үйлесімді дамуы үшін барынша қолайлы жағдай жасау үшін экожүйе құру міндеттерін қойып отырғаны атап өтілді.

Медицина қызметкері, дене тәрбиесі жөніндегі нұсқаушы қызметкерлерге, ата-аналарға балалардың саламатты өмір салтын ұйымдастыру және бақылау жоспарын ұсынды, онда дене шынықтыру ҰІӨ, үйлесімді тамақтануды ұйымдастыру, аурулардың алдын алу, гигиеналық дағдылар, оқыту іс-шаралары, спорттық мерекелер мен жарыстар, дене шынықтыру мерекелері, қимыл-қозғалыс режимін ұйымдастыру, ұйымдастыру сияқты блоктардағы, СанПиН, емдеу-профилактикалық жұмыс, оңалту жұмысы, шынықтыру рәсімдерінің талаптарына сәйкес күн тәртібі, арнайы түзету-дамыту жұмысы, медициналық-педагогикалық кеңестер өткізу, бейімделу кезеңінде балалармен жұмысты ұйымдастыруды бақылау жұмысы көрсетілді.

Ата-аналарға осы мәселе бойынша сұрақтар мен ұсыныстарды мектепке дейінгі ұйымның поштасына жіберу ұсынылды.

4. Үйлесімді тамақтануды ұйымдастыру мәселесі бойынша медицина қызметкері (немесе диеталық мейірбике, немесе меңгеруші) сөз сөйледі.

Ол тамақтану жоспарын құрудың негізгі принциптері мен ережелері туралы айтты. МДҰ балалардың тамақтануын ұйымдастыру және бақылау жоспарын көрсетті. Топтардағы мәзір тамақтану стандарттары негізінде бір айға жасалатыны атап өтілді («Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтану стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-302/2020 бұйрығы). Сөз соңында сауатты құрастырылған үйлесімді тамақтану жоспарының жағымды әсер ететін тұстары атап өтілді.

ШЕШІМ

Балалардың физикалық және когнитивті дамуына, дұрыс тамақтану әдеттері мен мектеп жасына дейінгі балалардың саламатты қажеттіліктерін қалыптастыруға әсер ететін оң фактор ретінде мектепке дейінгі ұйымда тамақтанудың мемлекеттік стандарттарының нормаларын (атауы) орындау міндетті деп саналсын.

ӘРТҮРЛІ

Ата-аналар кейбір сұрақтар бойынша нақты жауаптар алды.

Жаңа оқу жылына «Балбөбек» бөбекжай ата-аналар комитетін сайлау туралы мәселесі әртүрлі сұрақтар бөліміне қосылды.

ШЕШІМ

2025 - 2026 оқу жылына «Балбөбек» бөбекжай ата-аналар комитеті мына құрамда бекітілсін: ата-аналар комитетінің төрағасы- Серіков Гулден ата-аналар комитетінің мүшелері – Ерғазы Айбибі хатшы – Ермек Гулжаухар .

ЖАЛПЫ АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ШЕШІМІ

- ШҚ «Ерсұлтан» жеке «Балбөбек» тәрбие мен оқыту жөніндегі қызметті тәрбиеленушілерінің оңды жетістіктері, жоспарға сәйкес барлық педагогтердің аттестаттаудан сәтті өтуі, сондай-ақ ұжымның ата-аналармен белсенді және табысты өзара байланысы негізінде қанағаттанарлық деп саналсын.
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту моделін іске асыру жөніндегі ____ (МДҰ атауы) және ата-аналардың қызметі қанағаттанарлық, жүйелі, қызметке қабілетті және тиісті заңнамалық актілермен реттелген болып есептелсін.
- Мектепке дейінгі ұйымда балалардың физикалық және когнитивті дамуына, дұрыс тамақтану әдеттері мен мектеп жасына дейінгі

балалардың саламатты қажеттіліктерін қалыптастыруға әсер ететін оң фактор ретінде тамақтанудың мемлекеттік стандарттарының нормаларын (атауы) орындау міндетті болып есептелсін.

- ШҚ «Ерсұлтан» 2023 - 2024 оқу жылына ата-аналар комитеті мына құрамда бекітілсін: ата-аналар комитетінің төрағасы- Серікова Гулден ата-аналар комитетінің мүшелері – Ерғазы Айбибі хатшы – Ермек Гулжаухар ____.

Ата-аналар жиналысы өткізілген күн

28.08.2023

Ата-аналар комитетінің төрағасы

(Т.А.Ә.) Серікова Т. Ғ
(Қолы) 

Хатшы

(Т.А.Ә.) Ермек Т.
(Қолы) 